ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 20 қыркүйек № 1112-24-00-2/2738 іс Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Бегенбаева қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Есмуханова Умутжан Темирхановна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-нің 147 бабын басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Талап қоюшы Көкшетау қаласы әкімдігінің жанындағы «Көкшетау Жылу» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Есмуханова Умутжан Темирхановнаға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Есмуханова Умутжан Темирхановна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Есмуханова Умутжан Темирхановнадан мемлекеттік пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге сот шығыны өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.С.Бегенбаева

Құжатқа қол қойылған: Бегенбаева А. С., 20.09.2024

Заңды күшіне енген күні: 29.10.2024, судья Бегенбаева А. С., 31.10.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -